

## Анықтама

**Сөз энергиясы** – адамның ауызша немесе жазбаша түрде айтқан әрбір сөзінің бойында болатын ерекше күш. Сөз арқылы адам өз ойын, сезімін, ниетін жеткізеді және сол сөздің мазмұны мен айтылу мәнеріне қарай айналасындағы адамдарға оң немесе теріс әсер етеді. Жылы, мейірімді, қолдаушы сөздер адамның көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімін арттырады, ал дөрекі, жағымсыз, ойланбай айтылған сөздер адамды ренжітіп, оның рухани күйіне кері әсер етуі мүмкін.

Сөз энергиясы адамның ішкі мәдениетімен, тәрбиесімен, ойлау деңгейімен тығыз байланысты. Әрбір айтылған сөз белгілі бір эмоция мен мағынаны қамтиды және тыңдаушының санасына әсер етеді. Сондықтан сөзді орнымен, ойланып айту – адамгершілік пен сыйластықтың белгісі. Халық даналығында «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп бекер айтылмаған, себебі ізгі сөз адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, достық пен түсіністікті нығайтады.

Осы орайда **4 сынып оқушылары арасында «Сөз энергиясы»** тақырыбында сынып сағаттары өтті. Бұл тақырып арқылы оқушылар сөздің құдіретін түсініп, жағымды сөздерді күнделікті өмірде қолданудың маңызын ұғынады.

